

## Қызылқоға ауданының әкімшілік-аумақтық бірліктеріне өзгерістер енгізу туралы

Атырау облысы әкімінің 2006 жылғы 10 шілдедегі N 33 және Атырау облыстық мәслихатының 2006 жылғы 12 шілдедегі N 311-III бірлескен шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2006 жылғы 14 тамызда N 2472 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабына сәйкес және Қызылқоға аудандық мәслихаты мен Қызылқоға ауданы әкімінің 2006 жылғы 10 наурыздағы N XXIII-6 бірлескен шешімінің негізінде облыстық мәслихат пен облыс әкімі шешімі:

1. Қызылқоға ауданының келесі елді-мекендері ауыл категориясына жатқызылсын:
  - 1) Мұқыр ауылдық округінің Кенбай станциясы;
  - 2) Мұқыр ауылдық округінің Жамансор станциясы;
  - 3) Мұқыр ауылдық округінің Жантерек станциясы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы әкімінің 9.10.2014 № 19 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 326-V бірлескен шешімімен ( жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Облыс әкімі	
	О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң
XI сессиясының төрағасы	
Облыстық мәслихаттың хатшысы	